



## «Азаматтық Авиация Академиясы» АҚ

### Авиациялық оқу орталығы

#### Құпиялылық саясаты және кандидаттардың жеке деректерін қорғау

ICAO ағылшын тілін білу деңгейін тексеруден өтетін үміткерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Азаматтық авиация академиясының Авиациялық оқу орталығы келесі ережелерді қамтитын құпиялылық саясатын қатаң сақтайды:

##### **1. Жеке деректерді жинау:**

Тестілеуге тіркелу кезінде үміткерлерден тек қажетті жеке деректер сұралады:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- үміткердің жеке профилін жасау;
- тестті ұйымдастыру және өткізу;
- тестілеу нәтижелері мен сертификаттарын дайындау және беру.

##### **2. Жеке деректерді сақтау:**

Кандидаттардың барлық жеке деректері Азаматтық авиация академиясының жеке деректерді қорғау саласындағы заңнама талаптарына және Авиациялық оқу орталығының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шектеулі қолжетімділікпен қорғалған ақпараттық жүйесінде сақталады.

##### **3. Деректерді пайдалану және өңдеу:**

Алынған деректер тек тестілеу нәтижелерін ұйымдастыру, жүргізу және талдау мақсаттары үшін пайдаланылады. Деректерге құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық алған уәкілетті тұлғалар ғана қол жеткізе алады.

##### **4. Ақпаратты жария етпеу:**

Жеке деректер мен тест нәтижелері, Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, кандидаттың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

##### **5. Деректерді сақтау мерзімі:**

Жеке деректер мен тест нәтижелері 5 (бес) жыл бойы сақталады, содан кейін олар белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

##### **6. Кандидаттарды хабардар ету:**

Тест тапсырар алдында барлық үміткерлер осы саясатпен танысады және тиісті келісім нысанына қол қою арқылы жеке деректерді өңдеуге келісімін растайды.